

## 6B01504-Физика

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті физика мұғалімін дайындау.

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

**Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

**Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

**Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

**Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

**Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

### 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

«6B010-Физика мұғалімдерін дайындау» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби іс әрекетінің салалары: құндылық – мақсатқа бағдарлану мазмұны әдістері мен нәтижелері бойынша біртұтас, физика саласындағы білім беру үдерісі, ғылыми-зерттеу, инновациялық, ақпараттық – аналитикалық іс-әрекет, педагогика, психология мен оқыту әдістемесі.

### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	- Батыс Халықаралық Колледж (Ұлыбритания) - М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті; - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті;
----------------------	---

	- Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті; - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті.
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	«SMART жүйелер инженериясы» Білім беру бағдарламасының негізінде студенттердің дербес білім беру траекторияларын таңдауға негізделген білім беру үрдісін ұйымдастыру тұжырымдамасы жатыр. "SMART жүйелер инженериясы" майнерінің түлектеріне алған білімдерін медицина мен химия өнеркәсібінен бастап робототехника мен электроникаға дейін индустрияның түрлі инновациялық салаларында қолдануға мүмкіндік береді. Жобалаудың заманауи жүйелері кезінде конструкторлық құжаттар жүйесін шығару жұмыстарын ұйымдастыруды және жоспарлау дағдыларын меңгеруі керек; сызба бойынша тетік түрі туралы визуалды түсініктерді қалыптастыруды, автоматтандырылған жобалау жүйесі интерфейсінде стандартты операцияларды орындау дағдыларын меңгеруі керек.

### **Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының БББ-мен сәйкестігі. Нью-Йорк Университеті (Халықаралық топ-100 университеттің ішінде 43 орында) - 58%, Мичиган Университеті (Халықаралық топ-100 университеттің ішінде 21 орында) - 42% сәйкестікті құрап тұр.

## **1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ**

Қазақстанның, басқа шет елдердің жоғары оқу орындарына, ғылыми-зерттеу институттары мен білім беру мекемелеріне, ғылыми және қоғамдық ұйымдарына жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие. Кәсіби қызметінің өрісіне жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназия, колледждерде білім беру және әкімшілік қызметтер, зерттеу институттары мен зерттеу орталықтарында ғылыми қызметкер міндеттері жатады.

## **1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ**

1. кәсіби құзыреттілік саласы: білім беру және оны жүзеге асыру саласындағы инновациялық қызмет;

2. кәсіби құзыреттілік саласы: ғылыми-зерттеу жұмысы, қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық орталықтары;

3. кәсіби құзыреттілік саласы: қоғамдық, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдар;

4. кәсіби құзыреттілік саласы: ғылыми-зерттеу жобаларда кәсіби оқытушылық, ақпараттық-талдау қызметі.

## 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

**ОН 2** - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН 3** - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН 4** – Физиканың концептуалды және теориялық негіздерін, физиканың техника мен технологияның дамуына әсерін, физиканың басқа ғылымдармен байланысын және олардың ғылыми-техникалық есептерді шешудегі рөлі туралы білімдерді көрсетеді, қолданады;

**ОН 5** – Физиканың салалары бойынша теориялық-практикалық білімдер негіздерін қолдана отырып кәсіби іс-әрекетте физикалық құбылыстарды, процесстерді және заңдылықтарды түсінеді;

**ОН 6** – Пәндік педагогикалық кәсіби қызметте теориялық және тәжірибелік білімді интерпретациялайды. Негізгі теориялық және эксперименталды материалдарды мысал келтіре отырып түсіндіре алады;

**ОН 7** – Гипотезаларды ұсыну және негізгі заңдар мен математикалық аппаратты қолданады, практикалық есептерді шешу үшін және құбылыстар мен процестердің математикалық және физикалық моделін құру үшін қарапайым механикалық құрылғыларды өзірлеу үшін әртүрлі бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпараттық технологияларды қолданады;

**ОН 8** – Қоршаған ортадағы физикалық құбылыстарды физикалық көзқарас тұрғысынан жүйелейді, эксперимент нәтижелердің шынайылығын дәйектеп, аралас және пәнаралық білім үшін физика бойынша теориялық және практикалық білімді жинақтап қорытындылайды;

**ОН 9** – Физикалық көзқарас тұрғысынан физика-математикалық аппаратты қолданып техникалық процестерді моделдейді;

**ОН 10** – Физикалық заңдар мен формулаларды қорытып шығарып, процестер мен құбылыстарды анықтау және сипаттау; олардың арасындағы өзара байланысқа талдау жасайды (аналитикалық, графикалық, мәтіндік сипаттама), эксперимент нәтижелерін өңдей алады;

**ОН 11** – Физика мен қазіргі заманғы физиканың инновациялық дамуына талдау жасайды.

## БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
ТА1	+	+				+					
ТА 2	+	+									
ТА 3		+		+		+	+				
ТА 4		+	+		+	+					
ТА 5	+	+	+								
ТА 6							+	+	+	+	+

### 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 Бұйрық